

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 1(17) қаңтар-наурыз 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аязан Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyis Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокеебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyus Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:

Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:

Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:

Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkithbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulbayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ / УДК / UDK 94 (574). 02/. 08

АҚ ОРДАНЫҢ САЯСИ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ (XIII–XV ғғ. басы)

Арепова А.Д.¹, Морякова М.Т.²

¹Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының аға ғылыми қызметкері,

²Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институтының кіші ғылыми қызметкері, 2 курс магистранты

Аңдатпа. Мақалада Ақ Орданың саяси-қоғамдық тарихы мен шаруашылығы қысқаша сипатталады. Жошы ұлысының сол қанатын билеген хандар мен оғландар билігі тұсындағы ішкі-сыртқы саясат талданып, олардың билігі тұсындағы хандықта болған оқиғалар зерделенеді. Орда Еженнен бастап Күнқыран, Қоныша, Баян, Құбылық, Сасы Бұқа, Ерзен, Шымтай, Мүбәрәк қожа, Орыс хан және Барақ ханға дейінгі Орда ұрпақтарының тізімі беріліп, олардың Алтын Ордамен арақатынасы сипатталады.

Түйін сөздер: Ақ Орда, Моңғол империясы, Орда Ежен, Орыс хан, Жошы ұлысы.

Мақала «Қазақстанның тарихи энциклопедиясы» БНҚ жобасы аясында әзірленді (BR05236643)

ВОПРОСЫ ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АК ОРДЫ (XIII – НАЧАЛО XV ВВ.)

Арепова А.Д.¹, Морякова М.Т.²

¹СНС Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан

²МНС Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, г. Алматы, Казахстан

Статья подготовлена в рамках проекта ПЦФ «Историческая энциклопедия Казахстана» (BR05236643)

Аннотация. В статье кратко описываются общественно-политическая история и хозяйство Ак Орды. Была изучена внутренняя и внешняя политика во время правления ханов и оғланов. Анализируются события в ханстве от Орда Эджена до потомков Барака (Кунхиран, Конча, Баян, Кублук, Сасы Буга, Ерзен, Шымтай, Мубарак ходжа, Урус хан).

Ключевые слова: Ак Орда, Монгольская империя, Орда Эджен, Урус хан, улус Джучи.

THE ISSUES OF THE POLITICAL HISTORY OF AK ORDA (XIII - EARLY XV CENTURIES)

Арепова А.Д.¹, Moryakova M.T.²

¹Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Senior Researcher, Almaty, Kazakhstan

²Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Junior Researcher, Almaty, Kazakhstan

(The article is prepared within the framework of the PCF "Historical Encyclopedia of Kazakhstan" Special Purpose Funding Project BR05236643)

Abstract. The article briefly describes the socio-political history and the economy of Ak Orda. Domestic and foreign policy during the rule of the khans and oglans was studied. Analyzed events in the Khanate from Horde Edzhen to the descendants of Barak (Kunhيران, Concha, Bayan, Kubluk, Sasy Buga, Yerzen, Shymtai, Mubarak Khoja, Urus Khan).

Keywords: Ak Orda, Mongol Empire, Horde Edzhen, Urus Khan, Ulus Juchi.

Кіріспе

Тарихи деректерге тереңірек көз салсақ, Ақ Орда мемлекеті қалыптасуы мен күшеюі негізінен XIV ғасырдың екінші ширегінен басталады. Сондай-ақ оның негізгі орналасу аумағы бұрынғы Қыпшақ хандығының орны. Тарихи әдебиеттер мен жылнамалық деректерде айтылғандай ондағы «Ақ» ұғымы ежелгі түрік және моңғол ұғымдары бойынша «еркін», «азат», «дербес» мағынасында алынған. Осынау кең даланы алып жатқан мемлекеттің саяси-экономикалық жағдайының нығаюы нәтижесінде және ішкі-сыртқы байланыстарының жолға қойылуы барысында күшейе түскен Ақ Орда XIV ғасырдың ортасында Алтын Ордадан біржола бөлініп шықты. Жаңа құрылған мемлекеттің басқаруда Жошының тұңғыш ұлы Орда Ежен әулетінің билігі орнады. Ол қазіргі қазақ даласында Дешті Қыпшақ деп атануымен де белгілі. Сондай-ақ XIV ғасырдан бастап Ақ Орда құрамында кезінде Шағатай мемлекетінің құрамына енген барлық ұлыстар кірді. Ақ Орданың орталығы Сығанақ қаласы болатын. Мақалада осы кезең аралығындағы Ақ Орданың күшеюі, әлсіреуі және де оның ішкі билік үшін тартыстары туралы қарастырылады.

Материалдар

Дереккөзі ретінде Ақ Орда тарихына қатысты бірқатар тарихнамалық, тарихи материалдар мен ғылыми еңбектер алынды. Мақалада Орда Еженнен бастап Барақ ханға дейінгі Ақ Орданың басқару кезеңдері мен тақ басында отырғандар, яғни билеушілер арасындағы мұрагерлік, ішкі және сыртқы саясаттағы олардың атқарған қызметтері салыстырмалы түрде қарастырылып, бағамдалады. Осы мәселе бойынша жазылған еңбектердегі негізгі тұжырымдары талданды. Сондай-ақ көптеген отандық, ресейлік осы тақырыпқа қатысты арнаулы ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиеттер, шежірелер, жылнамалар мағлұматтары пайдаланылды.

Әдістер

Теориялық-қисындылық, нақты-тарихылық, топтастыру-жүйелеу, логикалық, талдау әдістері жұмыстың өзегін құрайды. Сол секілді мақалада елімізге белгілі ғалымдардың тұжырымдары басшылыққа алынды. Бұл айтылғандар зерттеудің әдістемелік және теориялық негіздерін құрайды. Дегенмен ең алдымен мақалада тарихнамалық талдау басшылыққа алынып отыр.

Талқылау

Бұрын тарих, тарихнама, деректану, сондай-ақ әдебиет, т.б. ғылым салаларында бұл мәселе біршама көтерілгенімен, оның кейбір аспектілері тарихитарихнамалық талдаудан толымды түрде өте қойған жоқ. Мәселенің жекелеген қырлары отандық және ресейлік алтынорда зерттеушілері тарапынан бүгінгі күнге дейін жанжақты қарастырылып, әртүрлі тұжырымдар айтылуда. Сондықтан да осы мәселеге қатысты бірлі-жарым айтылған тұжырымдар мен ұсыныстарды ескере отырып, Ақ Орда тарихына қатысты кейбір пайымдаулар ғылыми түрде негізделуі қажет деген ойдамыз.

Нәтиже

Шығыс Дешті Қыпшақ жерін алып жатқан Жошы ұлысы өзі өлген соң оның үлкен ұлдарының арасында бөліске түсті. Шыңғыс қаған осы мұрагерлік мәселесін бірнеше кіші жиындарда қарастырды. Иелік Жошыға берілгенімен, бүкіл империяның жалғыз билеушісі ұлы қағанның өзі болатын. Қаған өз билігіндегі аймақтардың билігі мәселесін өзі шешетін еді. Осылайша, ежелден келе жатқан моңғолдың билеу дәстүрі бойынша Жошының қарашаңырағы Ертістегі Ақ Орданы Жошының қоңыраттан алған бәйбішесі Сартақайдан туған тұңғышы Орда Ежен басқарып, әкесінің ел-жұртына ие болып қалды. Ал Жошы мемлекетінің бас билеушісі, тақ мұрагері болған Бату Сары Орда көтеріп батысқа көшті. Шыңғыснамада бұл туралы: «Сайн хан Еженнен кіші еді. Ол Еженге айтты: Сен мен үшін әке орнына әке болған адамсың. Мен сені әкем деп есептеймін. Біз отау тігіп жат жұрт болып кетіп барамыз» деген [1, 92-б.]. Яғни Жошы мемлекетінің қара шаңырағын Орда иеленіп, Бату отау тігіп бөлек кетті. Медиевст ғалым З.Қинаятұлы «Жошы ұлысы Батыс жұртын батысында реттеу арқылы империяның батыс шебін ұлғайтуды мақсат тұтқан стратегиялық маңызы бар зор фронт жағдайындағы мемлекет құрылымы саналады. Сондықтан Жошы ұлысы оң және сол әскери екі қанатқа бөлінді» дейді [2, 192-б.]. Вассафтың жазғанына сүйенсек, Жошының жекеменшік төрт мыңдығынан өзі қаза тапқаннан кейін тірі қалған «бір түменнен артық тірі әскері ағасы Хорданың (Орда) қарамағында қалды» [3, 84-85- бб.]. Орда інілері Удұр, Тұқай Темір, Шингкур және Сингкуммен бірге моңғол әскерінің сол қанатын құрды. Орда інісі Батыймен бірге Еке Моңғол Ұлысын басқарушылардың үшінші ұрпағы

– Шыңғыс ханның немерелері дәуірінде билік жүргізді. Империя орталығын немерелері Күйік, Мөңке, Арықбұға және Хұбылай кезек-кезек биледі. Ал Моңғолияның оңтүстік батысында, Иранда тағы бір немересі – Хулагу билік жүргізді. Дәл осы немерелер дәуірінде аталары құрған империя өзінің шырқау шегіне жетті, және дәл солардың тұсында ыдырау үрдісі басталды. Моңғол империясында XIII ғасырдың соңғы үштігінде болған әскери-саяси тарихындағы маңызды оқиғалардың бәрі тікелей Орданың қатысуымен өтті. 1241 жылы Шыңғыс ханның балаларынан көзі тірі қалған Үгедей мен Шағатай дүниеден өтті. Осы кезден бастап Орда Шыңғыс әулетіндегі ең үлкен ақсақалы саналды, онымен бәрі кеңесіп отыратын болды. Рашид ад-Диннің айтуынша, Орда әкесінің көзі тірісінде де, одан кейін де өте сыйлы болған. Империяның жоғарғы билеушісі Мөңке қаған Жошы ұлысына жіберген мемлекеттік құжаттарда Яса заңдары мен жарғыларға сәйкес Орданың атын Батыйдан жоғары қоятын. Ордаға деген бұл құрмет туралы ақпарат араб авторларына да жетті. Ан Нувейри, Иоанн де Плано Карпини, т.б авторлар О.-ның Шыңғыс әулеті арасында сыйлы болғаны туралы мәлімет қалдырған. «Тоссу (Жошы) ханның ұлдары: Бату, ол императордан кейінгі бай әрі құдіретті; Орду, ол барлық көсемдерден үлкен» дейді П. Карпини. Орда қайтыс болғаннан кейін оған ең құрметті Ежен хан (Мырза хан) титулы берілді. Кейінгі зерттеушілер оның өз есімі мен Ежен титулын біріктіріп, Орда Ежен деп атап кетті. Моңғолдар мұндай титулдарды хан әулетінің марқұм болған мүшелеріне қолданған [12, 209-б.]. Алғаш рет Орда есімі Орда Ежен деп аталуы XV ғ.

басында жазылған «Муиз әл-ансаб» деп аталатын парсы дерегінде кездеседі [6, 39-б.].

Орданың ізбасары, үлкен ұлы Күнқыран мықты билеуші бола алмады. Ол шамамен 1270 жылға дейін биледі. Оның есімі 1250-жж. бірінші жартысындағы оқиғаларға қатысты аталады. Империя тағына енді ғана отырған Мөңке қаған Шағатай мен Үгедей ұрпақтарына қарсы әскери қимылдары кезінде нояндарының бірін он түмен түріктерден құралған әскерімен бірге Ұлытауға аттандырады, ол жерден олар Қаялықтан Отырарға дейінгі жерлерді алып жатқан Күнқыранның тұрағына дейін жетіп алсын деген мәлімет кездеседі Рашид ад-Динде. В.В. Бартольд «жауларын түбегейлі құрту үшін Мөңке батысқа көп әскер жіберді, олар Қарақорым мен Бесбалық арасындағы кеңістікті қамтып, Күнқыран бастаған Жошы ұрпақтарының әскерімен бірігуі керек

болатын» деген пікір айтады [2, 65-б.; 3, 560-б.].

1270-жж. екінші жартысынан бастап Орда Ежен ұлысының тағына немересі, Сартақтайдың ұлы Қоныша орнықты. Ол ұзақ жыл билік жүргізді. Оның тұсында күдіретті Моңғол империясы Шыңғыс хан ұрпақтары арасындағы соғыстардың кесірінен ыдырай бастады. Қоныша белсенді сыртқы саясат жүргізді. Хайдумен одақтасып, Хұбылайға қарсы соғыс жүргізді. 1280 жылдан кейін Қоныша, Алтын Орда ханы Тудан Мөңке, және түменбасы Ноғай бірігіп, Хұбылаймен бейбіт келісім жасады, сөйтіп тұтқыннан Юань ханының мұрагері Нумуганды босатып жіберді. Оған жауап ретінде Хұбылай заттай және қаржылай сыйлықтар берді. «Юань шида» 1288 ж. Қойыншаға 500 унция күміс, маржан және кестеленген мата сыйға тартқаны айтылған. Келесі жылы Қоныша әскеріне жалақы жіберді. Қоныша Иран елхандарымен достық қарым-қатынаста болды, тұрақты түрде Арғұн ханға, Гейхат ханға және Газан ханға «шын жүректен достық» және «одақ болу туралы» ұсыныстармен елші жіберіп отырды [12. 210-б.].

Ирандағы Төле ұрпақтарымен бейбіт қатынас ұстанған соң Қонышаның оңтүстіктегі Үгедей мен Шағатай ұрпақтарымен ара қатынасы бұзылды. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысындағы қалалар да арада талас туғызды. (Рашид ад-Динде Қара Сайрам қаласы аталады). Орда Ежен ұрпақтары бұл кездері өз иеліктерін шығыстан оңтүстік жақтағы Шу-Талас аңғарына қарай кеңейте бастаған еді.

Бұр, әрине, Жетісудың қожасы Хайдумен арада соғыс өртін тұтандырды. Рашид ад-Диннің мәліметі бойынша, Қара Сайрам Қоныша ұлысы саналды, бірақ Хайдуға тәуелді болып қала берді [6. 81-б.]. Қоныша билігі тұсында дегенмен халық бейбіт өмір сүрді. Марко Поло Қоныша билігі дәуірін «Ханның қол астында көп халық бар, бірақ олар ешкіммен соғыспай, халқын бейбіт басқарып отыр» деп сипаттайды. Осы кезеңде Ақ Орда Батыйға тәуелсіз болады: Орда Ежен ұрпақтары Қарақорым мен Сарайға бұрынғы ресми тәуелділіктенбас тартты. Бұрын тек Батыйдың орынбасарын өздерінің ханы деп танып, оның есімін өз жарлықтарының бас жағына жазып қоятыны болмаса, басынан-ақ Орданың орнына хан болғандар Батый ордасына барып, рұқсат алып келу оқиғалары мүлде болған емес.

Алайда Қоныша билігінен кейін шамамен 1299 жылдары саяси тұрақсыздық орын алды, оның ізбасарлары арасында тақ үшін қырқыс басталды.

Сол қанат ханзадаларының XIV ғ. басынан бастап 1360-жж. дейінгі, яғни Қонышаның өлімінен бастап Ұрұс ханның билік құруына дейінгі тарихы туралы жазбаша және нумизматикалық мәліметтер деректерде өте аз сипатталған. XIV ғ. бас кезінде Орда Ежен ұрпақтары Сыр өңірі қалалары мен Жетісу жайылымдары үшін Шағатай ұрпақтарымен күрес жүргізді. АқОрда билеушілерінің Сыр өңірі Бұл кез Орда Ежен ұрпақтарының арасында өзара билік үшін күрестер, Батый ұлысына (оң қанат ханзадалары) бағыну, Тұқай Темір ұрпақтарының билік басына келуімен, Мүбәрәк қожа ханның көтерілісімен сипатталады. Осы 700–770 жж. тарихта бұлыңғыр кезең деп аталады.

Қоныша өлімінен кейін болған өзара қырқыстар Орда ұлысын іс жүзінде бір-біріне бағынбайтын бөліктерге бөліп жіберді. Сол қанат ханзадалары арасында билікке таласқан негізгі үміткерлер арасында Қонышаның үлкен ұлы Баян, төртінші ұлы Маңғытай, О-ның басқа бұтағынан тарайтын Темір Бұқаның ұлы Құбылық және Құбылықтың ұлы Құштай болды. Олардың әрқайсысы белгілі бір уақыттарда Орда ұлысының тағына отырып шықты. Рашид ад-Диннің айтуынша, Орда ұлысының легитимді билеушісі Баян болды: «Қонышаның ұлы Баян қазір Орда ұлысының билеушісі»; «қазір Баян әкесі Қонышаның орнында отыр және бұрынғыша әкесінің ұлысын басқарып отыр»; «Баян бұрынғыша Орда ұлысының көп бөлігін билеп отыр»; «қазір ол – ұлы билеушісі» деген мәліметтер береді Рашид ад-Дин [7, 66-68, 212-бб.]. Баянмен Орда ұлысының ханы ретінде Хайдудың ұлы Янгичар жауласады, Газан хан достық қатынас орнатады, Баянға Жошы тағын иеленген Тоқта көмектеседі, ал күдіретті Хайду Баянның

күштілігінен қауіптенеді. Бұл уақытта Орда ұлысы билеушісімен жаулық қатынастағы Құбылық Ордадан бөлініп қалған әскерге және Хайду мен Дува көмекке жіберген әскерге ие болады. Орда ұлысындағы жоғары билікке Құбылық үміткер болғанын Хайду мен Дува оған ұлыс билеушісі болуға көмектесуді ойлағаны дәлел болады. Рашид ад-Дин бірақ олардың ойы жүзеге аспағанын айтады.

Ал араб деректеріндегі мәліметтер басқаша сипаттайды. Мәмлүктік Мысыр тарихшылары Орда ұлысындағы барлық тақ үміткерлерінің құқын теңестіріп, оларды Қоныша мен оның ағасының ұлы деп санайды. Қонышаның орнына таққа ұлы Баян емес, жиені Құбылық ие болғаны туралы Ибн Халдун былай дейді: «Қоныша өлгеннен соң оның орнына ұлы Құйлық отырды... Оған ағасы Баян қарсы шықты» [9, 394-б.]. Бейбарыс пен Ибн Халдун Орда ұлысы бәсекелес әулеттер арасында бөліске түсті дейді. Баян мен Құбылық екеуі бірдей бір уақытта билік құруын айтады деп топшылайды зерттеушілер. Рашид ад-Диннің «Баян Орда ұлысының үлкен бөлігінде билік құрды» деген мәліметін еске түсірсек, онда Құбылық аз бөлігінде билік құрған. Әскері туралы да осылай айтуға болады: Құбылық Ордадан бөлініп кеткен әскерге, сондай-ақ Хайду мен Тува (Дува) көмек ретінде берген әскерге арқа сүйеді. Хайду мен Туваның арғы ойы мынау еді: біз Құбылыққа ұлыс билеушісі болуға көмектесеміз, ал ол Газан ханмен текетіресте бізбен одақтас болады. Баян Құбылық пен Хайду, Туваның әскерімен 18 рет шайқасқа түсіп, оның алтауында өзі тікелей қатысты. Соңында ол жеңіліс тауып, Батудың ізбасары Тоқтай билеп отырған аймақтың шекарасына қарай қашты.

Өзіне одақтас іздеген Баян Сарай, Тебриз және Юань әулетінің орталығы Ханбалық билеушілерінен қолдау табуға, сөйтіп «Үлкен одақ» құруға ұмтылды.

